

Хабарлама: 2016 жылдың 11 ақпанында "Қазақстан қор биржасы" АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жинадысы болып өтеді

"Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамы (далее – Биржа) "Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – биржа), орналасқан мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., Байзақов көш., 280, "Almaty Towers" Көпфункционалы кешеннің Солтүстік мұнарасы, 8-ші қабат, өз акционерлеріне биржа акционерлерінің кезектен тыс жалапы жиналысы (бұдан әрі – жиналыс) болып өтетіні туралы хабарлайды, бұл жиналыс Директорлар кеңесінің бастамасымен (2015 жылдың 25 желтоқсанындағы № 28 отырыс хаттамасы) шақыртылады.

Жиналыс **2016 жылдың 11 ақпанында** Алматы уақытымен: 050040, Алматы қ., Байзақов көш., 280, "Almaty Towers" Көпфункционалы кешеннің Солтүстік мұнарасы, 8-ші қабат мекен-жайын өтеді.

Жимналысқа қатысушыларды тіркеу **2016 жылдың 11 ақпанында** Алматы уақытымен сағат 09.00-ден 09.45-ке дейін жиналыс өтетін жерде жүргізіледі.

Жиналысқа қатысуға құқылы акционерлердің тізімі 2016 жылдың 01 ақпанындағы Алматы уақытымен сағат 00.00-дегі жағдай бойынша құрастырылады.

Кворум жиналмаған жағдайда Биржа акционерлерінің қайталама жиналысы 2016 жылдың 12 ақпанында Алматы уақытымен сағат 10.00-де жоғарыда аталған мекен-жайда өткізіледі.

Биржа акционерлерінің қайталама жиналысына қатысушыларды тіркеу 2016 жылдың 12 ақпанында Алматы уақытымен сағат 09.00-ден 09.45-ке дейін жиналыс өтетін жерде жүргізіледі.

Жиналыстың күн тәртібі

1. Директорлар кеңесі туралы қағиданы (жаңа редакциясын) бекіту туралы.
2. "Қазақстан қор биржасы" АҚ корпоративтік басқару кодексін (жаңа редакциясын) бекіту туралы.
3. Директорлар кеңесінің мүшесін – Биржаның тәуелсіз директорын сайлау.
4. Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы беру туралы.

* * *

Тіркеу кезінде жиналысқа қатысушылар жиналысқа қатысуға және қаралатын сұрақтар бойынша дауыс беруге құқығын растайтын құжаттарды көрсетуі тиіс.

Күн тәртібіндегі сұрақтар бойынша материалдармен биржаның орналасқан жерінде, жиналыс өтер алдында кемінде он күн бұрын, танысуға болады.

Жиналыстың күн тәртібіндегі сұрақтарды бірі Биржалық кеңестің мүшесін сайлау туралы болғандықтан, акционерлерден Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымына ұсынар үміткер туралы жабаша түрле **2016 жылдың 25 қаңтары күні сағат 18.00-ге дейін** Биржаға жолдауларын сұраймыз.

Қазақстан Республикасы "Акционерлік қоғамдар туралы" заңының 44 бабының 2 тармағына сәйкес, Биржалық кеңес мүшесі лауазымына үміткер туралы ақпарат мыналарды қамтуы тиіс:

- 1) тегі, аты, бар болса – әкесінің аты;

- 2) білімі туралы ақпараттар;
- 3) Биржаға қатысты аффилиирленуі туралы мәліметтер;
- 4) соңғы үш жылдағы жұмыс орындары мен лауазымдары туралы мәліметтер;
- 5) үміткердің біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын, өзге ақпараттар.

Акционерлердің Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымына ұсынатын үміткер, Қазақстан Республикасының "Бағалы қағаздар нарығы туралы" заңының 54 бабында және Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" заңының 1 бабы 20) тармақшасында белгіленген талаптарға сәйкес, жетекші қызметкерлерге қойылатын талаптарға сай болуы тиіс.

Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор лауазымына үміткерді ұсынған жағдайда, сонымен қатар үміткердің цифралық құжаттқ фотосуретін Биржаның корпоратвитік хатшысының vika@kase.kz мекен-жайына жолдау қажет.

Анықатама алу үшін телефондар: (727) 237 53 43.

Басқарма Төрағасы

Е.А. Біртанов